КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 7 маусым Іс №1513-24-00-2/1075 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.Б.Кустанов,
сот отырысының хатшысы А.М.Мамайдың қатысуымен,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер («ПК») Татьяна Владимировна Дубровко

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану;
2. тұрақсыздық айыппұлды өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі С.Г.Мусин

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 23 ақпандағы «Актөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер («ПК») Татьяна Владимировна Дубровконың (өнім беруші) арасында «Бағалы сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде №9 мемлекеттік сатып алу шарты жасалған.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Өнім беруші шарттың №1 қосымшасына және техникалық ерекшелікке сәйкес, жалпы сомасы 14 779,95 теңгеге тауарларды келісім шарт қазынашылыққа тіркелген күннен 15 күнтізбелік күн ішінде яғни, 2024 жылғы 9 наурызды қоса есептеген күнге дейін жеткізуі тиіс болған.

Шарт қазынашылық органында тіркеуді талап етпейді.

Өнім беруші шарттың орындаулын қамтамасыз ету сомасын 2024 жылғы 26 ақпанда енгізген.

Өнім беруші тарапынан шарттық міндеттемелер орындалмаған.

Тараптар арасында мемлекеттік сатып алу шарты 2024 жылғы 22 сәуірде бұзылған.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттерін орындамағаны үшін жауапкер жеке кәсіпкер («ПК») Татьяна Владимировна Дубровконы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 502,52 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұлды өндіруді талап еткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Сот отырысына талап қоюшының өкілі өтініш жолдап, істі өзінің қатысуынсыз қарауды жәнеталап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланғанымен жауапкер атынан өкіл сот отырысына қатысқан жоқ, істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы сотқа арызданбаған.

Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының (әрі қарай–АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің өкілінің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 13.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 23.07.2024, судья Кустанов Р. Б., 25.07.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3)-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуметті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Нормативтік қаулысына сәйкес, бұл мерзімдер түпкілікті болып табылады, осы мерзімдердің өтуі әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы арызды қанағаттандырудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 23 ақпандағы №9 мемлекеттік сатып алу шартының орындалу мерзімі 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни, 2024 жылғы 9 наурызға дейін деп белгіленген. Демек, мұндай талаппен сотқа жүгіну мерзімі 2024 жылғы 9 сәуір.

Заң нормасына сәйкес, мұндай талап қоюмен 30 күнтізбелік күн ішінде жүгіну қажет, талап қоюшы мұндай талап қоюмен сотқа жүгіну мерзімін өткізіп алған.

Алайда, Ақтөбе облысының Ойыл ауданында көктемгі су тасқынынан ауылды толығымен су басып қалуына орай 2024 жылғы 29 наурызда төтенше жағдай жарияланған.

Бұл ретте, сот талап қоюшының уәжін негізді деп танып форс-мажорлық жағдаятты ескере отырып, оның талабы қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден жергілікті бюджетке 1 846 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстапқалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 13.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 23.07.2024, судья Кустанов Р. Б., 25.07.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

(айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

Талап қоюшының есебі бойынша тұрақсыздық айыбы 34 күнге 14 779,95 теңге*0,1%*34 күн= 502 теңге 52 тиынды құрайды.

Сот талап қоюшының есебі дұрыс деп санайды.

Бұл ретте, жауапкерден мемлекет пайдасына 502 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл және жергілікті бюджетке 15 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер («ПК») Татьяна Владимировна Дубровко мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер («ПК») Татьяна Владимировна Дубровкодан мемлекет пайдасына 502 (бес жүз екі) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер («ПК») Татьяна Владимировна Дубровкодан жергілікті бюджетке 1 861 (бір мың сегіз жүз алпыс бір) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Р.Б.Кустанов

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 13.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 23.07.2024, судья Кустанов Р. Б., 25.07.2024